

Т. О. Жұманов, заңсыз көші-қонға және адам саудасына қарсы күрес бойынша мамандарды даярлау жөніндегі оқу орталығының аға оқытушы-әдіскері, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Кәмелетке толмағандар саудасы мәселесіне орай

Аннотация. Мақалада адамдар саудасы, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасының кейбір аспектілері қаралып, кәмелетке толмағандардың саудасының негізгі нысандары қарастырылады.

Түйін сөздер: кәмелетке толмағандар, адам саудасы, сатып алу-сату, азғырып-көндіру, қанау түсінігі, жәбірленуші.

Отбасы мен кәмелет жасына толмағандар өміріне қылмыстық қол сұғушылықтар ішінде 2014 жылдың 3 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 135-бабында (бұдан әрі — ҚР ҚК) қарастырылған кәмелетке толмағандар саудасы ерекше орынға ие. Шектен шыққан арсыздық, қаталдық деп бағалауға болатын кәмелетке толмағандар саудасына баратындар да моральдық азғындыққа ұшыраған пенделер деу керек.

Бұл тақырыптың маңыздылығы, оның қылмыстық құқық теориясы мен практикасы үшін мәні осы бір әлеуметтік келеңсіздікке қарсы бірінші кезекте құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, жалпы мемлекеттің тиісті тиімді әрекеттерге баруынан көрінеді.

Қазақстанда кәмелетке толмағандар саудасы аса құпия, астыртын жүргізіледі, қылмыс құрбандары (жәбірленушілер) құқық қорғау органдары мен басқа да арнайы орындарға уақтылы шағымданбайтындықтан, зардап шеккендердің мардымсыз бөлігі ғана ресми тіркеліп, қорғалады.

2006 жылдың 2 наурызында Қазақстан Республикасының № 131-ІІІ «ҚР адам саудасымен күрес мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының негізінде кәмелетке толмағандар саудасы үшін жауапкершілік ҚР ҚК-нің 133-бабында қарастырылды. Осының жалғасы ретінде, 2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданып, 2015 жылдың 1 қаңтарынан заң күшіне енген ҚР-ның жаңа Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандар саудасы үшін жауапкершілік ҚК-тің 135-бабымен қарастырылатын болды.

2014 жылғы ҚР ҚК-нің 80-бабы 1-тармағына сәйкес, осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады.

Қылмыс құрбандары (көбінесе қыз балалар) көбінесе елден заңсыз шығарылып, алыс-жақын шетелдерге сатылатындықтан, кәмелетке толмағандар саудасы трансұлттық қылмыстық әрекеттер санатына жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылдың 29 желтоқсанындағы № 7 «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілікті анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысында адам саудасымен (ҚР ҚК 128-бабы) және кәмелетке толмағандар саудасымен (ҚР ҚК 135-бабы) байланысты қылмыстарға анықтама берілген. ҚР Жоғарғы Соты: «Адамды саудаға салумен байланысты қылмыстың объектісі адамның бостандығы, оның жеке басының қауіпсіздігі, құқықтары мен заңды мүдделері, ар-намысы мен қадір-қасиеті, тұратын жерін, қызмет түрі мен мамандықты еркін таңдау құқығы болып табылады», — деп түсіндіреді [1].

ҚР ҚК-нің 135-бабымен бекітілген тікелей қылмыс нысаны кәмелет жасына толмаған тұлғаның жеке бас бостандығы болып табылады. Қосымша нысандар — кәмелет жасына толмағандарды тәрбиелеуде ата-аналардың (жақын-туыстарының, қамқоршылары мен жанашырларының) мүддесін қорғайтын қоғамдық қарым-қатынастар. Кәмелетке толмағандардың толық ерік бостандығы болмайтынын, жасына қарай

психофизиологиялық шектеулері болатынын ескеру қажет. Кәмелетке толмағандармен сауда жасағанда оларды бостандығынан айырумен қатар денсаулығына да зиян келтіреді, яғни зардап шегушінің құқықтық мүдделеріне қастандық жасалады.

Қарастырылып отырған қылмыстардың объективті жағы адамның құқықтары мен бостандықтарына қол сұғуды білдіреді және адамды сатып алу-сату немесе адамға қатысты өзге де мәмілелер жасасу, оны пайдалану, азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасаудан байқалады. ҚР ҚК 135-бабының 1-бөлімінде заң шығарушы осы диспозицияда көрсетілген әрекеттердің кез келгені үшін жауапкершілікке тартылатынын атап көрсеткен.

Кәмелетке толмағандар саудасының алғашқы және негізгі белгісі ретінде заң шығарушы «сауда» ұғымын қамтитын «сатып алу-сатуды» қарастырады. Сатып алу-сату амалын жасағанда кінәлі кәмелетке толмаған жасты белгілі бір төлемге сатып алады, ал екінші кінәлі оны сатады. Бұл әрекеттер ҚР-ның 1999 жылдың 1 шілдесіндегі Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 406-бабы 1-бөлімінде — «Сатып алу-сату шартында» заң жүзінде қарастырылған. Сатып алу-сату актісінің ерекшелігі сол, мұндағы мәміле нысаны тірі адам — кәмелетке толмаған жас. Сатып алу-сату екіжақты келісім болғандықтан, жауапкершілікке сатушы да, сатып алушы да тартылады.

Сатып алу-сатудың, дәлірек айтқанда, заңға қайшы мәміленің осыған ұқсас анықтамасы ҚР Жоғарғы Сотының 2012 жылдың 29 желтоқсанындағы «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілікті анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағында айқындалған [ii].

Сатып алу-сату кезінде төлемге ақша ғана емес, жылжитын немесе жылжымайтын мүлік, болмаса, басқа да материалдық сыйақылар (құнды қағаздар, алтын бұйымдар және т. б.) жүруі мүмкін. Кінәлі кәмелетке толмаған тұлғаны сатып алғаны үшін ақша (немесе оны алмастыратын басқа зат), ал екінші кінәлі тірі тауарды беретін болғандықтан, ҚР ҚК-нің 135-бабы бойынша жаза екеуіне де тағайындалады. Бұл әрекет кәмелетке толмаған тұлғаны сатып алушыға бергеннен және сатушы ақшаны (немесе оны алмастыратын басқа затты), болмаса, оның бір бөлігін алған сәттен бастап аяқталған болып саналады. Кәмелетке толмағандар саудасының объективті жағының екінші белгісі «өзге мәмілелер» болып табылады. Кәмелетке толмағандарға қатысты 2014 жылғы ҚР ҚК-нің 135-бабы 1-бөлімі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылатын өзге мәмілелерге мына әрекеттер жатады: адамды сыйға тарту (адамды басқа бір адамға тегін беру), айырбастау (адамды әлденеге айырбастау), алмастыру (бір адамды басқа бір адаммен ауыстыру), жалға беру (адамды ақыға уақытша иеленуге және пайдалануға беру), адамды тараптар арасында жасалған мәміле бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің кепілі ретінде қалдыру, адамды төлем ретінде пайдалану, адамды қандай да бір мүліктік емес сипатта пайда табу мақсатында беру және басқалар.

Сатып алу-сату немесе өзге де мәмілелер жасасу қанау мақсатымен немесе онсыз жасалуы мүмкін, ал азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, басқа да әрекеттерге барудың міндетті түрде белгілі бір мақсаты болады. Яғни, олар кәмелетке толмағандарды қанау мақсатында жасалады.

Қарастырылып отырған қылмыстың объективті жағының үшінші белгісі кәмелет жасына толмаған тұлғаны «қанау» болып табылады. ҚР ҚК 3-бабының 1-тармағында, қылмыстық құқық теориясында және Қазақстан Республикасының сот-тергеу тәжірибесінде бекітілген «қанау» ұғымы мен белгілері осы уақытқа дейін ешқандай дау тудырған емес.

Кәмелетке толмаған тұлғаны сатып алу-сатуды немесе қанау мақсатында басқа да мәмілелер жасасуды оны берген немесе ақша (болмаса, оны ауыстыратын басқа затты) алған сәттен бастап аяқталған деп санауға болады. Қылмыс құрамы айқын болатындықтан, бұл жерде оны, тіпті бір бөлігін алу уақыты оны бағалауда маңызды емес.

Қарастырылып отырған қылмыстың объективті жағының келесі бір белгісі — «азғырып-көндіру» түсінігі. Адамды азғырып-көндіру деп жәбірленушіні қандай да бір

жұмыстарды немесе қандай да бір қызметті, соның ішінде, егер оны пайдалану мақсатымен байланысты болса құқыққа қайшы қызметті атқаруға келісуіне қол жеткізу түсініледі. Азғырып-көндіру тәсілдері әртүрлі: сыйақы жөнінде уәде беру, жұмыс ұсыну, алдау, азғыру, бопсалау, қорқыту, қоқан-лоққы көрсету және басқалар болуы мүмкін.

Азғырып көндірілген адамның оны пайдалануды жүзеге асыруға келісімін алған сәттен бастап азғырып көндіру аяқталды деп саналады.

Талданып отырған қылмыстың тағы бір белгісі ретінде заң шығарушы «тасуды» айтады.

Адамды тасу адамды пайдалану мақсатында бір жерден екінші жерге, соның ішінде бір елді мекеннің ішінде, ауылдан қалаға немесе керісінше, болмаса, Қазақстан Республикасының аумағында кәмелетке толмаған тұлғаның орнын ауыстыруға байланысты қасақана жасалатын іс-әрекетті білдіреді. Бұл ретте көлік түрі, адамды тасымалдау уақыты мен тәсілдері әрекетті саралау үшін маңызды емес. Адамды тасу апарылатын адамды тек оған біреудің ілесуімен жеткізуді ғана емес, сондай-ақ апарылатын жәбірленушіге баратын жеріне дейін жол жүру құжаттарын сатып әперуді, жәбірленушінің ол жерге өз бетімен жетуін білдіреді. Жеткізу жүзеге асырыла бастаған сәттен аяқталды деп есептеледі.

Кәмелетке толмаған тұлғаны тасуды басқаларға тапсырған тұлға оны ұйымдастырғаны үшін жауапкершілік арқалайды, ал тасуды қылмыстық заңбойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтын тұлғалар арқылы жасаса (мысалы, ақыл-есі дұрыс емес, қылмыстық жауапкершілік жасына жетпеген), сауданы жасаушы ретінде жауапқа тартылады.

Айта кету керек, адамды (оның ішінде, кәмелет жасына толмаған тұлғаны) шетелге, яғни Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге шығарса, кінәлінің әрекеттері ҚР ҚК-нің 135-бабы 3-тармағында қарастырылған қылмыс белгілеріне келеді.

Бұдан әрі «беру» түсінігін қарастыру қажет. Кәмелет жасына толмаған тұлғаны (жәбірленушіні) сатып алушының иелігіне белгілі бір сый ақыға уақытша немесе тұрақты беру деп оны сексуалдық немесе басқа да жұмыспен қанауға бағытталған әрекеттері түсініледі. Мұндай жағдайда кәмелет жасына толмаған тұлғаны берген немесе алған тұлғаның әрекеттері ҚР ҚК-нің 135-бабы, 1-тармағы бойынша, ал егер әрекетке басқа да адамдар қатысса, «алдын ала сөз байласқан топ» ретінде сараланады (ҚР ҚК-нің 135-бабы, 2-бөлімінің 1-тармағы).

Кәмелетке толмағандар саудасы беру және алу жолымен жасалған дақылмыс осы әрекеттерді іс жүзінде жасаған сәттен бастап аяқталған болып саналады.

Осы қылмыстың объективті жақтарының жоғарыда айтылған белгілерімен қатар «жасыру» түсінігін де қарастыру керек. Жасыру деп кәмелетке толмаған тұлғаны (жәбірленушіні) құқық қорғау органдарынан, ата-анасынан (жақын туыстарынан, қамқоршысынан, жанашырынан) жасыруды түсінген жөн. Жасыру түрлі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін: мысалы, арнайы үй-жайларға жасыру, қандай аумаққа болса да шығуына мүмкіндік бермеу, жәбірленушінің жеке өзіне немесе психикалық белсенділігінің төмендеуіне дәрі-дәрмек арқылы ықпал ету. Жасыру жәбірленушінің өзін жасырумен қатар оны табуды қиындататын өзге де іс-әрекеттерден (құжаттарын, сыртқы бейнесін өзгерту және тағы басқалар) байқалады. Кәмелетке толмаған тұлғаны жасыру кезінде қылмыс осы айтылған әрекеттер жасалған сәттен бастап аяқталған болып саналады.

Кәмелетке толмаған тұлғаны жасыруға алдын ала берілген уәде қылмысқа сыбайлас қатысушылық болып саналады (ҚР ҚК-нің 28-бабы 5-бөлімі, 135-бабы 1-бөлімі).

Кәмелет жасына толмаған тұлғаны саудамен алу оны берумен бірдей мағынаға ие деп пайымдаймыз. Бірінші жағдайда кінәлі кәмелет жасына толмаған тұлғаны ақшаға (немесе оны алмастыратын басқа затқа) алады да, екіншісінде, керісінше, сондай сыйақыға береді.

ҚР ҚК-нің 135-бабы 1-бөлімінде соңғы диспозиция ретінде заң шығарушы «пайдалану мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасауды» атайды. Барлық басқа жағдайларды

бір диспозицияда алдын ала ескеру мүмкін болмағандықтан, «өзге де іс-әрекеттер жасау» деген анықтама пайда болған.

Пайдалану мақсатында өзге де іс-әрекеттер түріндегі сауда жасалғанда кәмелет жасына толмаған тұлғаның (жәбірленушінің) зияткерлік немесе физикалық еңбегін пайдалану ғана емес, пайда түсіруді көздеген басқа да заңға қайшы әрекеттер түсініледі [iii,100].

Осы айтылғандардың негізінде, объективті жатқтардың белгілерін талдау көрсеткендей, сатып алу-сату актісін жасау кезінде әрекет ақшаны (немесе оны алмастыратын басқа затты) немесе кәмелет жасына толмаған тұлғаны алған сәттен бастап, тіпті кінәлі оны өз мақсатына пайдаланып үлгермесе де, қылмыс құрамы айқын болғандықтан аяқталған болып есептеледі. Кәмелет жасына толмаған тұлғамен сауда, сонымен қатар, ҚР ҚК-нің 135-бабы 1-бөлімінде көрсетілген әрекеттердің (мәмілелердің) бірі жасалған сәттен бастап аяқталған болып саналады (Мысалы, жалдау туралы шартқа немесе еңбек келісім-шартына қол қойылған және т. б.).

Субъективті жағынан, біз қарастырып отырған әрекеттер тек тікелей ниетпен жасалады. Кінәлі кәмелет жасына толмаған тұлғаға қатысты сатып алу-сату немесе басқа да мәміле актісін жасап отырғанын, оны пайдалану мақсатында қанау немесе азғыру-көндіру, тасу, беру, жасыру, алу, сондай-ақ, өзге де іс-әрекеттерге барып отырғанын түсінеді, қылмыс салдарының кәмелетке толмаған тұлғаның ата-анасы (жақын-туыстары, қамқоршылары, жанашырлары) үшін қандай боларын болжай тұрып, оның солай болуын тілейді.

ҚР Жоғарғы Соты жоғарыда аталған нормативтік қаулысының 2-тармағында атап көрсеткендей, адамды (кәмелет жасына толмаған тұлғаны) сатып алу-сатудың немесе оған қатысты өзге де мәмілелерді жасасудың субъективті жағы тікелей ниетпен сипатталады. Сондықтан әрекетті ҚР 1997 жылғы ҚК-нің 133-бабының 1-бөлігі бойынша және ҚК-нің 135-бабының 1-бөлігі бойынша саралау үшін осындай мәмілелердің қандай мақсатпен жасалғаны маңызды емес. Адамды (кәмелет жасына толмаған тұлғаны) азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру кезінде қылмыстың субъективті жағы тікелей ниетпен сипатталады, ал қылмыстың арнайы мақсаты кәмелет жасына толмаған тұлғаны пайдалану болып табылады.

Айта кету керек, кәмелет жасына толмаған тұлғаға қатысты сатып алу-сатуды немесе басқа да мәмілелерді жасасуды түсінбеу кінәлінің әрекетінде бұл қылмыс құрамы жоқ екенін білдіреді.

ҚР ҚК-нің 135-бабы қарастыратын қылмыс субъектісі болатын кәмелет жасына толмаған тұлғаны сатушы да, сатып алушы да ақыл-есі дұрыс, 16 жасқа толған жеке тұлға болуы мүмкін. Кәмелет жасына толмаған тұлғаны сатушы ата-анасы, қамқоршылары, жанашырлары және басқа да тұлғалар болуы ықтимал: мысалы, кәмелет жасына толмаған тұлғаны заңды түрде ұстап отырған жақын туыстары. Олар асырап алған ата-анасы болуы да мүмкін. Ал кәмелет жасына толмаған тұлғаны сатып алушы ата-анасынан басқа кез келген тұлға болуы мүмкін.

Бұл қылмыс үшін жауапкершілікке 16 жастан бастап тартылады деген пікірмен заңгер ғалымдардың ешқайсысы да таласпайды [iv]; 174, 25, 102 Кәмелет жасына толмаған тұлғалар саудасымен күресу мақсатында әлеуметтік-экономикалық және құқықтық (соның ішінде қылмыстық-құқықтық және криминологиялық) сипаттағы шаралар кешенін қолға алу қажет. Өйткені, заңға қайшы бұл әрекеттер қазіргі уақытта қылмыстық бизнестегі ең табысты бағыттардың бірі. Ал бұл Қазақстанда, алыс-жақын шетелдерде «тірі тауар» нарығының өрістеуіне жол ашуы әбден мүмкін.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые аспекты торговли людьми, в частности, основные формы торговли несовершеннолетними.

RESUME

The article considers some aspects of human trafficking, in particular minors, and also researches the main forms of trafficking in minors.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

i. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілікті анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысы (2-8 тармақтар) [Электронды ресурс] — Қолжетімді URL: <http://adilet.zan.kz>

ii. Көрсетілген жұмыс.

iii. Борчашвили И. Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть (2 т.). — Алматы, 2015.

iv. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: Учебн. / Под ред. д-ра юрид. наук проф. И. Ш. Борчашвили и канд. юрид. наук проф. С. М. Рахметова: В 2-х ч. Ч. 1. — Алматы, 2000.